

Маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 маусымдағы N 558 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы мен "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны" 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ғарыш қызметін дамыту" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша 2005 жылға 1996946000 (бір миллиард тоғыз жүз тоқсан алты миллион тоғыз жүз қырық алты мың) теңге сомасына сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қосымшаға сәйкес жұмыстарды берушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т е р т і п п е н :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жасалуын;

2) жұмыстарды мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаның оңтайлы және тиімді жұмсалу қағидатының сақталуын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 3 маусымдағы
N 558 қаулысына

ҚОСЫМША

Ескерту. Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.10.03. N 989 қаулысымен.

Жұмыстарды берушілер

Р / с N	Жұмыстардың атауы
1	2
	1. "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы орындайтын жұмыстар тізбесі

1.	Ғарыш техникасының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросын құру
2.	Төменгі жер маңындағы және геостационарлық орбитада ғарыш аппаратының жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әмбебап ғарыш платформасын құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу
3.	Тікелей телехабарларды таратудың және мультимедианың интерактивті қызметтерін ұсынудың ұлттық геостационарлық байланыс спутнигін құру және ұшыру жөнінде ұсыныстар дайындау
4.	Ұлттық ғарыш жүйесінің жерді қашықтықтан барламалайтын ғарыш аппаратының эскиздік жобасын әзірлеу
5.	Ғылыми мақсаттағы ғарыш аппаратын құру жөнінде жобалық материалдар әзірлеу
6.	"Гонец-М" дербес байланыс спутнигінің көп функциялы жүйесін құру жөніндегі пилоттық жобаны орындау
7.	"Сары Шаған" полигонының оптикалық және радиотехникалық құралдары базасында Қазақстан Республикасының командалық-өлшеу кешенін құру
8.	Старт алатын зымыран-тасығыштар туралы ұшу ақпаратын көрсету орталығын құру
	2. "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны орындайтын жұмыстар тізбесі
1.	Ғарыш кеңістігі радиациялық мониторингінің халықаралық жүйесін құруға қатысу
2.	Дағдарысты элементтердің жергілікті экрандар (қорғаныш корпустар) есебінен аппаратураның арнайы төзімділігін және ғарыш сәулесінің әсеріне қорғаныш экрандарының ресурстық сынақтарын жүргізуді қамтамасыз ету
3.	Арнайы төзімді және экстратемператураға төзімді электронды құрамдас бөлігінің базасын әзірлеу және енгізу әрі ғарыш сәулесінің әсеріне ресурстық сынақтар жүргізу
4.	Алматы қаласындағы "Орбита" радиополигонының техникалық құралдарын жаңғырту
5.	Алматы қаласындағы "Ғарыш станциясы" эксперименталдық базасын жаңғырту
6.	Жер үстінде ғылыми-техникалық жұмыстар жүргізу және Халықаралық ғарыш станциясының бортында жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының ғылыми эксперименттер мен зерттеулер бағдарламасын әзірлеу
7.	Қазақстандық ғылыми бағдарламаны іске асыру үшін ФЖБ-2 базасында көп мақсатты зертханалық модульді жарақтандыру жөнінде техникалық ұсыныстар әзірлеу
8.	Мамандарды аэроғарыш бағыты бойынша қашықтықтан оқыту технологиясын әзірлеу және енгізу
9.	"МИГ-31Д" ұшағының базасында "Есіл" авиациялық зымыран-ғарыш кешенін құру